

1995 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-14 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2011 жылы 26 желтоқсанда N 2-2-129 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 04-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 15.04.2014 N 04-4 шешімімен. Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабы 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында қала әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды Қапшағай қаласы, Гоголя көшесі, 6 мекен-жайында орналасқан "Алматы облысының Қапшағай қаласы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шеңгелді, Заречный селолық округтердің әкімдері (Ерғазы Аққойшыұлы Қойлыбаев, Сейдахмет Шәкенұлы Даданбеков) және ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде "Алматы облысының Қапшағай қаласы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің

т і з і м і н

б е р с і н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жанат Асылханұлы Асантаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Таубаев

КЕЛІСІЛДІ:

" *А л м а т ы* *о б л ы с ы н ы ң*
Қ а п ш а ғ а й *қ а л а с ы*
қ о р ғ а н ы с *і с т е р і*
ж ө н і н д е г і *б ө л і м і "*
м е м л е к е т т і к *м е к е м е с і н і ң*
Түсіпбеков Нұрғазы Аманұлы

бастығы майор

20 желтоқсан 2011 жыл